

Лексикалық тақырып: Туған жерге саяхат

1-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз. Мәтін соңындағы сөздіктерді дәптерге көшіріп жазыңыз.

Туған жерге саяхат

Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенмен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Әрбіріміз үшін Отан ошақ басынан басталады: туған жер, туған көше, туған қала немесе мен үшін туған кент. Иә... Туған жер ұзаққа қиып жібермейді.

Менің туып өскен жерім – егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп және қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар мекен етеді. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның – алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық»- деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау – әрбір азаматтың бірінші міндеті. Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең. Халқымыздың басынан қандай қиын кезеңдер өткенде де ата-бабаларымыз елімізді сыртқы жаудан қорғай білген. Өз елі үшін жанын да, барын да аямаған. Өйткені Отан біз үшін оттан да ыстық.

Отан – құндылықтарды материалды тасымалдаушы емес. Бұл жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін Жердің рухани бұрышы.

Сөздік

Туған жер – родина, место рождения
киелі орын – священное место
рухани бұрышы – духовный уголок
асқар тау – высокая гора
тасымалдаушы – перевозчик, носитель
ата-бабалар – предки
шұрайлы – плодородный
ардақтау – прославлять, уважать
байтақ – необъятный, обширный, широкий
шөбі шүйгін – трава сочная, питательная
мөп-мөлдір көлдер – прозрачные озера

Отан – родина
балалық шақ – детство
ошақ басы – очаг
құндылықтар – ценности
мекен етеді – обитают
өлке – край, регион
мақтан тұтамын – горжусь
өсімдіктер – растения

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз үшін Отан деген не?
2. Отанға деген махаббат сезімі қай кезде оянады?
3. Отанға тақырыбына қазақ тілдерінде қандай мақал-мәтелдер білесіз?
4. Өзіңіздің туған жеріңіз сіз үшін ыстық па, ыстық болса несімен ыстық?

5. Мәтіннен жалпы және жалқы зат есімдерді табыңыз.

3-тапсырма. Берілген сөздермен, сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыз. Үлгі: Мен өз туған жеріммен мақтан тұтамын.

Туған жер, мөп-мөлдір, өсімдіктер, жануарлар, мекен етеді, көлдер, асқар тау, аңдар, құстар, құндылықтар, шұрайлы, киелі орын, балалық шақ.

4-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерді аударып, жалғауларына көңіл бөліңіз. Дәптере көшіріңіз.

1. Менің туып өскен жерім – (суверенный) Қазақстан. Қазақстанның (богатства) өте (много) және қазынаға бай ел. 2. Біздің еліміздің (природа) өте сұлу. 3. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір (озера), неше түрлі (растения) мен дәрілік (свойство) бар (травы) өседі. 4. Қазақстан жерінде (звери) мен құстар, неше түрлі (животные) мекен етеді. 5. Сол жерде біздің (предки), батырларымыз, (поэты), (ученые) туып өскен. 6. Қазақстандай жері (плодородный), шөбі (сочная) өлкені мен әрқашан да (горжусь). 7. Қазақстанның (широкая) даласындай байтақ (степь) еш жерде жоқ шығар.